

«Астана медицина университеті» КеАҚ
SD05101-«Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесіне ұсынылған докторант Мусабай Қаракөз Нуржанқызының
«Ауыр коронавирустық инфекцияларда ішек микробиотасы мен иммундық
жүйе арасындағы байланыстың мультимикстік зерттеулері»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші
м.ғ.д., профессор Дусмағамбетов Марат Утеуұлының

ПІКІРІ

Докторант Мусабай Қаракөздің «Ауыр коронавирустық инфекцияларда ішек микробиотасы мен иммундық жүйе арасындағы байланыстың мультимикстік зерттеулері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы микробиология саласындағы өзекті ғылыми мәселелердің біріне арналған жан-жақты зерттеу нәтижелері болып табылады. Зерттеу жұмысы COVID-19 инфекциясы кезінде ішек микробиотаның құрылымдық ерекшеліктері мен иммундық жауаптың (цитокиндік профилінің) өзара байланысын анықтауға бағытталған. Зерттеу нәтижелері аурудың ауырлық дәрежесін айқындайтын ықтимал биомаркерлерді табуға, кешенді терапиялық стратегияларды әзірлеуге, сондай-ақ науқастарды қалпына келтіру және оңалту шараларын дәл әрі тиімді жүргізуге мүмкіндік береді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы – ауыр COVID-19 жағдайларында ішек микробиотасы мен иммундық жүйе арасындағы өзара байланыстың алғаш рет Қазақстан популяциясы негізінде мультимикстік әдістермен зерттелуінде. Диссертациялық жұмыс жоғары ғылыми-зерттеу деңгейінде орындалған. Зерттеу жұмысы заманауи ғылыми әдіснамаға сәйкес жоғары деңгейде орындалып, құрылымы мен мазмұны қойылған талаптарға толық сай келеді. Автор зерттеу жұмысының мақсатымен, барлық алға қойылған ғылыми міндеттерді толық орындаған.

Зерттеу жұмысында тақырыпқа қатысты ғылыми әдебиеттерге жан-жақты шолу жасалып, коронавирустық инфекцияның ауыр түрімен ауырған науқастардың клиникалық көрсеткіштері мен биологиялық деректері терең талдаудан өткізілген. Жұмыста заманауи ғылыми-зерттеу әдістемелерін қолдануға айрықша мән берілген. Жиналған деректер кешенді түрде өңделіп, нәтижелерге терең ғылыми талдау жүргізілген. Мусабай Қаракөз зерттеу жұмысының барлық негізгі кезеңдері: клиникалық биоүлгілерді іріктеу және жинау, зертханалық талдауларды жүргізу және алынған нәтижелерді талдау әдістерін жетік меңгерген.

Докторант оқу үдерісі барысында жоғары жауапкершілік танытып, өзін мақсаткер зерттеуші ретінде көрсетті. Оқу жоспарына сәйкес барлық базалық және бейіндік пәндерді толық көлемде меңгеріп, емтихандарды сәтті тапсырды. Ғылыми-зерттеу әдістерін игеру барысында заманауи тәсілдерді еркін меңгеріп, оларды тәжірибеде тиімді қолдана білді. Диссертациялық зерттеу жұмысы бекітілген жоспар мен кестеге сәйкес уақытылы және жүйелі түрде орындалды.

Зерттеу нәтижелері бойынша Зерттеу нәтижелері бойынша Scopus базасына кіретін журналдарда ағылшын тілінде 3 мақала, халықаралық конференция жинағында 1 тезис жарияланды. РФДИ индекстелетін басылымда орыс тілінде 1 мақала және халықаралық конференцияда қазақ тілінде 1 тезис жарияланды. Зерттеудің негізгі нәтижелері халықаралық конференцияларда баяндалды. Жұмыстың нәтижелері бойынша бір енгізу актісі және бір авторлық куәлік алынған.

Диссертациялық жұмыс философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін иеленуге қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының тақырыбының өзектілігін, жұмыстың көлемін, ғылыми жаңалығын және алынған нәтижелердің тәжірибелік құндылығын ескере отырып, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте ресми қорғауға ұсынылуға лайық деп есептеймін.

Ш.И. Сарбасова атындағы
микробиология және вирусология
кафедрасының меңгерушісі
м.ғ.д., профессор



Дусмагамбетов М.У.

